

# Информатика пәнін орта мектепке енгізу кезеңдері

Орындаған: Рахатжан Рийган

# Информатика пәнін орта мектепке енгізу кезеңдері

Информатика оқу пәні ретінде барлық типтегі мектептерге 1985 жылдың 1 қыркүйегінде енгізілді. Жаңа оқу пәні «Информатика және есептеуіш техника негіздері» (ИЕТН) деп аталды. Жалпы білім беретін мектепте бұл пән жоғарғы екі сыныпта оқытылды (ол кезде бұл 9-10-сыныптар болды). Жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына біртіндеп енгізілген, информатика пәні туралы мағлұмат ертеден белгілі болды. Бұл процесс оқушылардың кибернетика және бағдарламалау элементтерін оқып үйрену тәжірибелерінен басталады. Білім беру тарихында мектептің білім беру жүйесіндегі және қоғамдағы маңызды сапалы қорларды сипаттайтын, толық назар аударарлық бірнеше кезеңдер ерекшеленеді. Бұл жинақталған қорлар (дүниетану, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық) өткен ғасырдың 1980-жылдардың ортасында информатиканың жеке пән түрінде мектепке енуін және қалыптасуын қамтамасыз етті [2,4-б.]. Орта мектептерге ИЕТН пәнін енгізуінің алғы шарттарына қысқартып жалпылама шолу жасайық

Мектеп информатикасының дамуында, оқыту парадигмаларының ауысуы және оған сәйкес информатиканы оқыту әдістемелік жүйенің өзгеруі бойынша бірнеше (әдетте үш) кезеңді ерекшелеуге болады

Бірінші кезеңде (1950 жж. ортасынан 1985 ж. дейін) өндірістік оқыту шеңберінде орта мектепте кибернетиканы және информатиканы оқыту курсының екі – жалпыбілімділік және қолданбалы бағыттары пайда болды. Жалпыбілімділік бағытында

оқыту – ақпараттық процестерді, табиғаты әртүрлі жүйелердің құрылысы мен басқарылу принциптері, ақпаратты өңдеуді автоматтандыру мәселелеріне арналды (9-10 сыныптар үшін В.С. Ледневтің, А.А. Кузнецовтың: «Основы кибернетики» факультативті курстары). Қолданбалы бағыты бойынша – жоғарғы сынып оқушыларын есептеуіш техника саласында кәсіби дайындау шеңберінде, ЭЕМ құрылымы және бағдарламалауға негізделген курс (В.М. Монахов, С.И. Шварцбурд және б.) оқытылды.

Екінші кезең (1985ж. – 1980 жж. аяғы) мектептің оқу жоспарларына «Информатика және есептеуіш техника негіздері» міндетті курсын енгізумен (1985 ж.) сипатталады. Курсты оқыту үшін А.П. Ершов және В. М. Монаховтың жетекшілігімен авторлар ұжымы құрастырған бірінші оқулығы қолданынысқа енді (1.1-кесте).

Үшінші кезең (80-жж. аяғы 90-жж. басы) әртүрлі авторлар ұжымы (В.А. Каймин, А.Г. Кушниренко, А.Г. Гейн) құрастырған үш оқулықтың қолдануымен байланысты. Мектептерде 80-жылдардың аяғында информатика бойынша ЭЕМ-ді қолдануға бағытталған оқулықтардың және оқу бағдарламаларының қажеттілігі өсті. Кеңес одағының мектепті компьютерлендіру мәселесіне көңіл аударғанына «Информатика и образование» (ИНФО) деп аталатын жаңа ғылыми-әдістемелік журнал баспасының пайда болуы куә болады, бұл журналдың бірінші саны 1986-1987 оқу жылында шықты. Ал Қазақстанда 1992 жылы Қазақстан Білім министірлігінің ғылыми-әдістемелік педагогтік «Қазақстан мектебі» журналының «Информатика, Физика, Математика» атты қосымшасы жарық көре бастады .

# Информатика пәнінің даму кезеңдері

60-70 жж.	- информатика кәсіптік дайындыққа дейінгі арнаулы оқу орындарында оқытылды.
70-нің аяғы 80-нің басы.	- информатиканы мектеп оқу үрдісіне енгізу бойынша жасалған жеке эксперименттер (Мәскеу, Санкт Петербург, Новосибирск, Прибалтика) жүргізілді.
1984 ж.	«Мектептік білім беру реформасы» атты Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Информатиканы мектепте міндетті түрде оқыту мәселесі қойылды.
1985 ж. қыркүйек	- информатика мектептің оқу үрдісіне енгізілді. Осы кезеңде «Бағдарламалау – екінші сауаттылық» атты ұран жарияланды.
1992 ж.	«Әр оқушыға – компьютерлік сауаттылық!» мақсаты қойылды.
1996 ж. шілде	Ресей ЮНЕСКО конгресінде «Білім беру және технологиялар саласындағы саясат» атты баяндама жасады.
1996- 2000жж.	- информатика пәндік саласын технологияландыру
2001- жылдан бастап	12 жылдық білім беру кезеңіне көшу басталды. Информатиканы оқытудың 3 кезеңі ұсынылды: 1) пропедевтикалық; 2) базалық; 3) – кәсіптікке дейінгі (сараланған)

80-жж. аяғынан бастап білім берудің барлық деңгейлерінде информатиканы оқытудың мазмұны маңызды өзгерістерге түсуде: бағдарламалауға бөлінген сағаттар саны азайып, ақпараттық технологияларды оқытуға бағытталды. «Әр оқушыға – компьютерлік сауаттылық!» деген жаңа мақсат қалыптастырылды. Шын мәнісінде мектеп информатикасының тарихында жаңа кезең 1993 жылдан басталады. Сол жылы Ресей федерациясында базистік оқу жоспары қабылданды. Онда информатиканы оқытуды 7-сыныптан бастап оқыту ұсынылды және пәннің атауы «ИЕТН»-нен «Информатика»-ға ауысты. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын барлық оқу пәндері бойынша алғашқы білім стандарты мен базистік оқу жоспары (БОЖ) 1998 жылы жасалған болатын. Кейін 2002 жылы қайтадан Мемлекеттік білім беру стандарты жасалынды. Алдағы уақытта Қазақстан мектептерінің 12 жылдық оқытуға көшуіне байланысты информатика аумағында мектепте білім берудің орны және құрылымы мәселесі дами бастады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!